	«Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
	САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
	Іс-қимыл тәртібі туралы ереже

БЕКІТЕМІН
«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ректоры
_____ Байболова Л.К.
«__09__» _____20_26_ ж.

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2026-14

КЕЛІСІЛДІ
«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
АСЖ Проректор
_____ Аскарбеков Э.Б.
«__26__» _____08_____20_26_ ж.

Астана, 2026

Нұсқа: 2,0	**БД: БББ**	**«ЭҚА» бойынша**	**Тіркеу № 01-4-1**

АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ережені «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Білім беру бағдарламалары басқармасы әзірледі.

Осы Ережені титтул парағында Ректор өзінің қолымен бекітеді.

Осы Ереже оқу процесін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ құжаттамасының құрамына кіреді.

Осы Ережені мерзімді тексеруді ББББ басшысы 3 жылдан аспайтын аралықпен жүзеге асырады.

Осы Ережеге өзгерістер оны «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Осы Ережемен басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыруға және үйлестіруге ББББ басшысы жауапты.

2025 жылғы 18 маусымда бекітілген, 01 нұсқасы бар «Элективті пәндер каталогын әзірлеу туралы ережесі» ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-14 күші жойылды деп есептелсін.

МАЗМҰНЫ

1 Қолданылған қысқартулар мен белгілер	4
2 Жалпы ережелер және рәсімнің сипаттамасы	4
3 Элективті пәндер каталогын әзірлеуге қойылатын талаптар	5
4 Оқу пәндерін кодтау	6
5 Элективті пәндер каталогын қарау және бекіту тәртібі	6
6 Жауапкершілік және өкілеттіктер	7
7 Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу әрекеттері	7
8 Құпиялылық	7
Қосымшалар	8
Элективті пәндер каталогының нұсқасы Н. ББББ-8.3/8.1-2026-14-01 (міндетті)	8
Латын әліпбиінің әріптік белгілері Н. ББББ-8.3/8.1-2026-14-02	12
Келісу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)	13
Танысу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)	13
Тіркеу өзгерістерінің парағы Н. СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)	14
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)	14

1. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Қысқартулар	Толық атауы
«Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ, Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2026-14	Элективті пәндер каталогын әзірлеу туралы ереже
ІҚТТЕ	Іс-қимыл тәртібі туралы ереже
БП	Базалық пәндер
МЖМББС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ҚР ҒжЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ЖББП	Жалпы білім беретін пәндер
ББ	Білім беру бағдарламасы
БеП	Бейіндеуші пәндер
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ӘБ	Әдістемелік бөлім
ББББ	Білім беру бағдарламаларын басқару

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ РӘСІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Осы Ереже элективті пәндер каталогын әзірлеу процедурасын белгілейді және «К.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-да (бұдан әрі – Университет) оны қалыптастыруға қойылатын негізгі талаптарды анықтайды.

2.2 Осы Ереженің талаптары элективті пәндер каталогын әзірлеу, келісу, бекіту және өзектендіру процедурасына қатысатын Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

2.3 ЭПК оқу мақсатын, мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және күтілетін оқу нәтижелерін (білім алушылардың алған білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттіліктері) көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесін білдіреді.

2.4 ЭПК жалпы және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға оқу үшін айқындалған пәндер жиынтығын ұсынады және оқытудың барлық кезеңіне бекітіледі.

2.5 ЭПК әрбір ББ-ға жеке жасалады.

2.6 ЭПК құрастыру кезінде ғылымның, техниканың даму тенденциялары, нарықтың қажеттіліктері және Университеттің білім беру қызметтерін тұтынушылардың сұраныстары ескерілуі керек.

2.7 ЭПК мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде қалыптастырылады.

2.8 ЭПК-да әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттерін көрсетеді.

2.9 ЭПК білім алушыларға элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

2.10 ЭПК бекітілгеннен кейін кафедралар бекітілген каталогқа сәйкес пәндердің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін әзірлейді.

2.11 ЭПК барлық білім беру бағдарламалары мен білім деңгейлері (бакалавриат, магистратура) үшін жасалады және Университетте кадрлар даярлау жүзеге асырылатын бірқатар білім салаларының түйіскен жерінде кадрлар даярлауды қамтамасыз етіп, бекітілген Білім беру бағдарламаларының тізбесіне сәйкес барлық оқу пәндерінің толық тізбесін қамтиды.

2.11.1 бұл ретте әлеуметтік ерекшелікті ескере отырып, еңбек нарығы қалыптастыратын интеграцияланған білім мен кәсіби құзыреттерді алу үшін білім алушының өзінің мүдделері ескеріледі

2.11.2 ЭПК білім алушыларға жеке білім беру траекториясын қалыптастыру үшін элективті пәндерді балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда жұмыс берушілердің ұсынысы бойынша, кәсіптік практикадан өту нәтижелері бойынша және т.б. ЭПК-ға жаңа пәндерді енгізуге болады.

2.12 Осы Ережеге сәйкес қалыптастырылған ЭПК білім алушының эдвайзердің басшылығымен элективті пәндерді таңдауы және жеке оқу жоспарын қалыптастыруы үшін негіз болып табылады.

2.13 Элективті пәндер каталогын әзірлеу процедурасы осы Ереженің тиісті бөлімдерімен регламенттелетін ЭПК-ны дайындау, әзірлеу, келісу, бекіту және өзектендіру кезеңдерін жүйелі түрде орындауды қамтиды.

3. ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН КӘЗІРЛЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1 Білім беру бағдарламасы бойынша ЭПК білім алушыларды тиісті ББ бойынша даярлауды қамтамасыз ететін бітіруші кафедраның ЖТ-мен әзірленеді. Жұмыс тобының құрамына мыналар жатады:

3.1.1 кафедра меңгерушісі;

3.1.2 кадрлар даярлауды жүзеге асыратын кафедраның жетекші ПОҚ;

3.1.3 сабақтас кафедралардың ПОҚ;

3.1.4 білім алушылар;

3.1.5 жұмыс берушілер мен стейкхолдерлер.

ЭПК келесі талаптарды ескере отырып әзірлеу ұсынылады:

3.2.1 білім алушылардың мүдделерін ескеретін студенттік орталықтандырылған тәсіл;

3.2.2 оқу нәтижелерінің белгілі бір кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын оқу пәнінің мазмұнына сәйкестігі қағидаттары;

3.2.3 пәнаралық, оқу пәндерінің мультидисциплинарлық принциптері; байланысты білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ оқытудың іргелі және қолданбалы бағыттарын интеграциялау;

3.2.4 Университетпен бірлесіп қос дипломды білім беруді іске асыратын шетелдік жоғары оқу орындарының ЭПК-сынан курстарды енгізу.

3.3 ЭПК-ның сапалы құрастырылуына әзірлеуші кафедра жауапты болып табылады.

3.4 ЭПК әзірлеу келесі кезеңдерді қамтиды:

3.4.1 жоғары оқу орны компоненті тізбесін құрастыру;

3.4.2 пәндер циклдарын көрсете отырып таңдау компонентінің оқу пәндерінің толық тізбесін (ЖББП, БП, БеП) және олардың кредитте көлемін жасау;

3.4.3 білім алушыларды элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз ету (екіден кем емес);

3.4.4 әр пән бағдарламасының қысқаша сипаттамасы 55 сөзден аспайды (курстың қысқаша сипаттамасында пәнді оқығаннан кейін білім алушылар алатын мақсат, негізгі теориялық білім мен практикалық дағдылар нақты және қысқаша тұжырымдалады. Пәннің сипаттамасында дәрістерден, оқулықтардан ешқандай терминдер, үзінділер болмауы керек);

3.4.5 пән бойынша оқыту нәтижелері;

3.4.6 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу пәндерін кодтау жүйесіне сәйкес әр пәнге код беру;

3.4.7 білім алушылардың пәндерді таңдауда үздік бағдарлануы үшін барлық пәндерге пререквизиттер мен постреквизиттерді көрсету қажет:

8.4.7.1 бірінші курстың кейбір пәндері үшін пререквизиттер мектеп бағдарламасының пәндері болуы мүмкін;

3.4.7.2 кейбір жоғары курс пәндері үшін постреквизиттер кәсіби тәжірибе немесе дипломдық жұмыс/жоба жазу болуы мүмкін. Жұмыс тобы ЭПК құрастыру аяқталғаннан кейін білім алушыларға, жұмыс берушілерге және стейкхолдерлерге презентация өткізу қажет.

3.5 Әрбір оқу пәнінің көлемі кредиттердің бүтін санын құрауы тиіс (әдетте, кемінде 5

кредит, ерекшелік 3-4 кредиттік пәндер).

3.6 ЭПК әзірлеуге оқу процесіне тартылған барлық кафедралар қатысады. Элективті пән туралы мәлімдеген кафедралар ЭПК әзірлеуші кафедрасының бірінші талабы бойынша жоғарыда аталған кезеңдерге сәйкес осы пән туралы толық ақпаратты ұсынуға міндетті.

3.7 Бітіруші кафедралар таңдау бойынша компонент пәндерін қалыптастыруға дайындықтың тиісті бағыты бойынша жұмыс берушілерді тартады. Жұмыс берушілердің қатысуы құжатпен расталуы керек.

3.8 Жыл сайын Университет белгіленген нысанға Н. БББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2026-14-01 сәйкес өндірістің заманауи талаптары мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, элективті пәндер каталогын (ЭПК) әзірлейді.

3.9 ЭПК құрастыру аяқталғаннан кейін жұмыс тобы білім алушыларға, жұмыс берушілерге және стейкхолдерлерге презентация өткізеді.

3.10 Жұмыс тобы құзыреттілік матрицасының көмекші құралының көмегімен өзекті емес элективті пәндерді анықтап, түлек моделінің сұранысқа ие құзыреттіліктерінің пакетін жаңарту үшін оқытудың белгілі бір нәтижелері мен құзыреттіліктерін қалыптастыратын жаңа пәндерді енгізу ұсынылады. Әрі қарай, жұмыс тобы ЭПК-дан өзекті емес пәндерді шығару немесе жаңа сұранысқа ие пәндерді енгізу туралы қорытынды ұсынуы керек.

4. ОҚУ ПӘНДЕРІН КОДТАУ

4.1 Оқу пәндерінің кодтары әріптік-цифрлық алфавит арқылы белгіленеді. Әріптік бөлік латын әліпбиінің әріптерімен (Н. БББ-8.3/8.1-2026-14-02), сандық бөлігі араб цифрларымен ұсынылған.

4.2 Кодтың негізі екі немесе одан да көп әріптік белгілерден және төрт сандық белгілерден тұрады.

4.3 Егер оқу пәнінің атауында бір сөз ұсынылса, онда кодтың әріптік бөлігі латын әліпбиін қолдана отырып, осы сөздің алғашқы үш әрпінен құралады, ал бірінші әріп бас әріппен жазылады, қалғандары кіші әріппен жазылады (мысалы, Математика - Mat, Физика - Fiz).

4.4 Егер оқу пәнінің атауында екі немесе одан да көп сөз ұсынылса, онда кодтың әріптік бөлігі латын әліпбиін пайдалана отырып, әрбір сөздің бас әріптерінен құралады, пәнді кодтау мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде бірыңғай болуға тиіс

4.4.1 Пәнді латын әліпбиімен кодтау кезінде кодтың әріптік бөлігі үшін бір оқыту тілін (орыс) қолданамыз.

4.5 Кодтың бірінші цифрлық белгісі оқу курсын білдіреді: 1,2,3,4 - бакалавриат шеңберіндегі оқу курстары, 5,6 - магистратурада оқу жылдары.

4.6 Екінші цифрлық белгі осы оқу пәні жататын циклды көрсетеді.

4.7 Бұл ретте жалпы білім беретін пәндер (ЖББП) циклі 1 цифрлық белгісімен, базалық пәндер циклі - 2 белгісімен, бейіндеуші пәндер циклі - 3 белгісімен белгіленеді.

4.8 Үшінші және төртінші цифрлық белгілер білім беру бағдарламасының осы пәнінің реттік нөмірін көрсетеді.

4.9 Альтернативті пәндерді кодтау кезінде цифрлық бөлім өзгеріссіз қалады.

4.10 Пәнді әріптік және цифрлық кодтаудан кейін сызықша арқылы оқу жылының соңғы екі цифры қойылады, мысалы, Физика-Fiz 1205-23.

5. ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ҚАРАСТЫРУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

5.1 Факультет деканы бітіруші кафедраның меңгерушісіне нақты мерзімдерін көрсете отырып, тиісті ББББ бойынша ЭПК әзірлеуге тапсырма береді.

5.2 Әзірленген ЭПК кафедра отырысында талқыланады.

5.3 Кафедраның дәлелді қорытындысы факультеттің кеңесінде қарауына және бекіту үшін университеттің әдістемелік кеңесінің отырысына ұсынылады, ол оқу процесінде ЭПК пайдалану мүмкіндігі туралы соңғы шешім қабылдайды.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

6.1 Осы Ереже талаптарын әзірлеуді, өзектендіруді және іске асыруды ұйымдастыруға жауапкершілікті белгіленген өкілеттіктер шегінде ЭПК әзірлеуге, келісуге, бекітуге және іске асыруға қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшылары көтереді.

6.2 Құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін бөлу:

Бөлімше	Өкілеттіліктері
Әдістемелік кеңес	Элективті пәндер каталогын бекіту.
Факультет кеңесі	Элективті пәндер каталогын қарау және келісу.
БББ басшысы	Осы Ережені өзектендіру және қайта қарау; ЭПК әзірлеу, келісу, бекіту және өзектендіру процесін үйлестіру; ЭПК әзірлеу процесінің САЖ талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.
ББББ (әдістемелік бөлім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі)	ЭПК әзірлеуді әдістемелік сүйемелдеу; ЭПК нормативтік құжаттар талаптарына және бекітілген нысандарға сәйкестігін тексеру; ЭПК мониторинг пен тексеру жүргізу
Кафедра меңгерушісі	Кафедрада ЭПК әзірлеуді ұйымдастыру; ЭПК мазмұнының өзектілігін қамтамасыз ету; Кафедра отырысында ЭПК қарауды ұйымдастыру.
Кафедра	ЭПК әзірлеу; ЭПК мазмұнын қалыптастыру; ЭПК өзектендіру бойынша ұсыныстар дайындау; Бекітілген ЭПК Университет сайтында орналастыру.

7. ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПРОЦЕСС ПЕН ӘРЕКЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

7.1 Тәуекелдер мыналарға байланысты:	7.2 Тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-әрекеттер:
• ЭПК нормативтік талаптарға сәйкес келмеуі; • ЭПК уақтылы әзірленбеуі және өзектендірілмеуі; • еңбек нарығының талаптары мен білім алушылардың білім беру қажеттіліктерінің жеткіліксіз ескерілуі.	МЖББС және ішкі құжаттар талаптарына сәйкестігін тексеру; • мерзімдерді жоспарлау және орындалуын бақылау; • еңбек нарығының талаптарын талдау және мүдделі тараптардың ұсыныстарын ескеру.

8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

8.1 Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудитін жүргізу кезінде сертификаттау органдарының сарапшыларына, «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Ректорының рұқсатымен тұтынушы-серіктестерге ұсынуды қоспағанда, басқа тараптарға ұсынылуға тиіс емес.

ҚОСЫМШАЛАР

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫНЫҢ НҰСҚАСЫ

Н. БББ-8.3/8.1-2026-14-01 (міндетті)

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ/
АО «Казахский университет технологии и бизнеса имени К.Кулажанова»/
"Kazakh University of Technology and Business" named after K.Kulazhanova" JSC

БЕКІТІЛГЕН / УТВЕРЖДЕН / APPROVED
_____ Аты-тегі
ӘК шешімімен/ Решением МС/ By the decision MC
Хаттама/Протокол/Record №_____
«____» _____ 20___жыл/ год/ year

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН
CATALOG OF ELECTIVE DISCIPLINES

6В11129 Халықаралық туризм/ 6В11129 Международный туризм/ 6В11129 International Tourism (үлгі)
Білім беру бағдарламасының коды және аталуы (ББП түрі: Major / Minor)/ Код и наименование образовательной программы (вид ОП: Major / Minor)/ Code and name of the educational program (type of EP Major / Minor)

6В11 Қызмет көрсету/ 6В11 Услуги/ 6В11 Services (үлгі)
Білім беру саласының коды және атауы / Код и классификация области образования / Code and classification of the field of education

6В111 Қызмет көрсету саласы/ 6В11 Сфера обслуживания/ 6В11 Service Sector (үлгі)
Даярлау бағытының коды және атауы/ Код и классификация направления подготовки/ Code and classification of training directions

091 Туризм/ 091 Туризм/ 091Tourism (үлгі)
Білім беру бағдарламаларының коды мен атауы / Код и классификация группы образовательных программ / Code and classification groups of educational programs

Бакалавриат/ Бакалавриат/ Bachelor (үлгі)
Level of preparation: bachelor/ master/ doctoral

Оқуға түскен жылы / Набор / Enrolment of 202__ жыл / года / year

№	Пәндердің және циклдердің атауы Пәннің қысқаша мазмұны	Наименование циклов и дисциплин Краткое содержание дисциплины	Name of Cycles and Disciplines Summary of the Discipline
	Жалпы білім беретін пәннің жоғары оқу орны компоненті / Вузовский компонент общеобразовательной дисциплины/ University Component of General Education Discipline		
	Пәннің коды: (ZhK) MEPPFG 1107-25 **Пәннің атауы:** Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері) **Курс** – 1; **семестр** - 1 **Академиялық кредиттер көлемі:** 5 **Пререквизиттер:** Мектеп бағдарламасы **Постреквизиттер:** Білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес **Пәннің қысқаша сипаттамасы:** Пән нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік ойлауды, қаржылық жауапкершілікті, құқықтық сауаттылықты дамытуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және заң мен тәртіп қағидаттарына адалдықты тәрбиелеуге бағытталған. Пәннің мазмұны экономика негіздерін, кәсіпкерлікті, қаржылық сауаттылықты, құқықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, сондай-ақ заң мен тәртіп идеологиясын дәріптеуді қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы экономикалық шешімдерді тиімді қабылдау, құқықтық қорғау, қаржылық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау дағдыларын меңгереді. **Пәннің оқу нәтижелері:** Негізгі	**Код дисциплины:** (VK) MEPPFG 1107-25 **Наименование дисциплины:** Модуль экономики, предпринимательства, права и финансовой грамотности (основы экономики и предпринимательства, основы права и антикоррупционная культура, основы финансовой грамотности) **Курс** – 1; **семестр** - 1 **Количество академических кредитов:** 5 **Пререквизиты:** Школьная программа **Постреквизиты:** В соответствии со спецификой образовательной программы **Краткое описание дисциплины:** Дисциплина направлена на развитие предпринимательского мышления, финансовой ответственности, правовой грамотности, воспитание антикоррупционной культуры и приверженности принципам закона и порядка в условиях рыночной экономики. Содержание включает основы экономики, предпринимательства, финансовой грамотности, права, антикоррупционной культуры, а также продвижение идеологии закона и порядка. В результате освоения дисциплины обучающийся владеет навыками для эффективного принятия экономических решений, правовой защиты, финансовой грамотности, соблюдения антикоррупционного поведения. **Результаты обучения дисциплины:** Применяет в профессиональной деятельности знания экономики и права, а также навыки предпринимательства и финансовой грамотности,	**Discipline code:** (UC) MEPPFG 1107-25 **Discipline name:** Module on Economics, Entrepreneurship, Law, and Financial Literacy (Fundamentals of Economics and Entrepreneurship, Basics of Law and Anti-Corruption Culture, Basics of Financial Literacy) **Course** – 1, **semester** - 1 **Number of academic credits:** 5 **Prerequisites:** School Program **Post-requirements:** In Accordance with the Specifics of the Educational Program **Brief description of the course:** The discipline is aimed at developing entrepreneurial thinking, financial responsibility, and legal literacy, while fostering an anti-corruption culture and commitment to the principles of law and order within a market economy. The content includes the foundations of economics, entrepreneurship, financial literacy, and law, alongside the promotion of the ideology of the rule of law. Upon successful completion of the course, the learner possesses skills for effective economic decision-making, legal protection, financial management, and compliance with anti-corruption behavior. **Learning outcome of the discipline:** Applies in professional activity knowledge of economics and law, as well as entrepreneurial skills and financial literacy, using key economic and legal

	экономикалық және құқықтық қағидаларды, қаржылық хабардарлықты пайдалана және мінез-құлықта азаматтық жауапкершілікті көрсете отырып, кәсіби қызметте экономика және құқық білімін, сондай-ақ кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық дағдыларын қолданады.	используя ключевые экономические и правовые принципы, финансовую осведомленность и демонстрируя гражданскую ответственность в поведении.	principles, financial awareness and demonstrating civic responsibility in behavior
	Базалық пәндер / Базовые дисциплины / Basic Disciplines _____кредит / кредита / credits		
	Пәннің коды: ЖК ММТР 1212-25 **ТК ММТР 1212-25** (таңдау немесе университеттің пәндік компоненті – пән құрылымының үлгісі) **Пәннің атауы:** **Курс – ; семестр -** **Академиялық кредиттер көлемі:** **Пререквизиттер:** **Постреквизиттер:** **Пәннің қысқаша сипаттамасы:** (пәннің қысқаша сипаттамасында студенттердің пәнді оқығаннан кейінгі қалыптасатын мақсаты, негізгі теориялық білімдері мен практикалық дағдылары анық және қысқаша баяндалады. Пәннің сипаттамасында қандайда бір терминдер, дәрістер, оқулықтардан үзінділер болмауы керек) **Пәннің оқу нәтижелері:** пән бойынша оқу нәтижелері - бұл оқушы пәнді сәтті аяқтағаннан кейін жасай білуі тиіс нәрсе	**Код дисциплины: VK ММТР 1212-25** **KV ММТР 1212-25** (по выбору или вузовский компонент – это образец как оформлять код дисциплины) **Наименование дисциплины:** **Курс – ; семестр -** **Количество академических кредитов:** **Пререквизиты:** **Постреквизиты:** **Краткое описание дисциплины:** (в кратком описании дисциплины четко и кратко формулируются цель, основные теоретические знания и практические навыки, которые приобретут обучающиеся после изучения дисциплины. Описание дисциплины не должно содержать какие-либо термины, выдержки из лекций, учебников) **Результаты обучения дисциплины:** результаты обучения дисциплины - это то, что обучающийся должен уметь делать после успешного завершения дисциплины.	**Discipline code: UC MMTP 1212-25** **CCh MMTP 1212-25** (an elective or a university component is an example of how to format the discipline code) **Discipline name:** **Course – , semester -** **Number of academic credits:** **Prerequisites:** **Post-requirements:** **Brief description of the course:** In the brief description, clearly and concisely outline the goal, key theoretical knowledge, and practical skills that students will acquire after completing the discipline. The description should not include any technical terms, excerpts from lectures, or textbooks. **Learning outcome of the discipline:** The learning outcomes are what the student should be able to do after successfully completing the discipline.
	...	**...**	...
	Бейіндеуші пәндер / Профилирующие дисциплины / Profiling Disciplines ____ кредит / кредита / credits		
	Пәннің коды:	**Код дисциплины:**	**Discipline code:**

	Пәннің атауы: **Курс – ; семестр -** **Академиялық кредиттер көлемі:** **Пререквизиттер:** **Постреквизиттер:** **Пәннің қысқаша сипаттамасы:** **Пәннің оқу нәтижелері:**	**Наименование дисциплины:** **Курс – ; семестр -** **Количество академических кредитов:** **Пререквизиты:** **Постреквизиты:** **Краткое описание дисциплины:** **Результаты обучения дисциплины:**	**Discipline name:** **Course – , semester -** **Number of academic credits:** **Prerequisites:** **Post-requirements:** **Brief description of the course:** **Learning outcome of the discipline:**
	....	**....**	**...**

ӘЗІРЛЕНДІ/ РАЗРАБОТАНО/ DEVELOPED
Кафедра меңгерушісі/ Заведующий кафедрой/ Head of Department
_____ Аты-тегі

МАҚҰЛДАНДЫ/ ОДОБРЕНО/ CONFIRMED
Факультет деканы/ Декан факультета/ Faculty Dean
_____ Аты-тегі

КЕЛІСІЛДІ/ СОГЛАСОВАНО/ AGREED
БББ басшысы/ Руководитель УОП/ Head of the EPD
_____ Аты-тегі

ӘБ (ЖООКББ) басшысы/ Руководитель МО (ОПО)/ Head of the MD (GSO)
_____ Аты-тегі

Н. БББ-8.3/8.1-2026-14-02

Латын әліпбиінің әріптік белгілері

Қазақ әліпбиінің әріптері	Орыс әліпбиінің әріптері	Латын әліпбиінің әріптері
Ә, А	А	A
Б	Б	B
В	В	V
Ғ, Г	Г	G
Д	Д	D
Е	Е	E
Ж	Ж	Zh
З	З	Z
І, И	И	I
Қ, к	К	K
Л	Л	L
М	М	M
Ң,н	Н	N
Ө,О	О	O
П	П	P
Р	Р	R
С	С	S
Т	Т	T
Ү,Ұ,У	У	U
Ф	Ф	F
Һ,Х	Х	H
Ц	Ц	C
Ч	Ч	Ch
Ш	Ш	Sh
Э	Э	E
Ю	Ю	Yu
Я	Я	Ya

Н. СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні, тегі	Күні	Қолы
СДД басшысы	Оразалина Д.К.	25.08.2026	
ББББ басшысы	Баядилова Б.М.	25.08.2026	
СМЖБ басшысы	Эрнст А.С.	25.08.2026	
ОБ басшысы	Дігарбаева Б.М.	25.08.2026	
ТФ деканы	Сафуани Ж.Е.	25.08.2026	
ИжАТФ деканы	Серимбетов Б.А.	25.08.2026	
ЭжБФ деканы	Мақыш М.К.	25.08.2026	
ӘБ басшысы	Саду Ж.Н.	25.08.2026	

Н. СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні, тегі	Күні	Қолы

Н. СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)

ТІРКЕУ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ПАРАҒЫ

Өзгеріс номері	Хабарлама номері	Парақтар (беттер) нөмірі				Барлық парақтар	Өзгерістер енгізілген күні	Өзгерістер енгізген адамның аты-жөні	Өзгерістер енгізген адамның қолы
		Өзгертулер	Ауыстырылған	Жаңа	Жойылған				

Н. СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)

МЕРЗІМДІК ТЕКСЕРУЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді жүргізген адамның аты-жөні	Тексеруді жүргізген адамның қолы	Ескертулердің тұжырымдамасы